ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОМЫШЛЕННОСТИ И СТРОИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 41 от 27.10.2023

Астана қаласы

№

город Астана

Қол қою құқығын беру, сондай-ақ ведомствоаралық кеңестерде мемлекеттік органның ұстанымдарын білдіру және қатысу туралы

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 44-бабының 3-тармағына сәйкес, «Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» Республика Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығының 10-тармағының 1-тармақшасын орындау үшін, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына (ведомстволардың, департаменттердің, дербес басқармалардың басшылары) мынадай құжаттарға:

1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) депутаттық сауалдарға ұстанымын қамтитын хаттарды қоспағанда, мемлекеттік органдардың сауалдарына жауап ретінде жіберілетін хаттар, Мемлекет Басшысының, Премьер-Министрдің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Үкіметі Аппаратының басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындау үшін хаттарға;

2) «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми, ғылыми құқықтық, лингвистикалық, экономикалық, экологиялық сараптамаға, жеке кәсіпкерліктің аккредиттелген субъектілеріне нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар беру туралы жолданатын хаттарға;

3) Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарына хаттарға;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға, сондай-ақ жеке және мемлекеттік жоғарғы білім беру мекемелеріне ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы, оның ішінде есептік ақпаратты, жүйелі түрде статистикалық деректерді, кеңестерге, отырыстарға қатысу үшін кандидатураларды беру және басқа да мәселелер бойынша хаттар мен сұрау салуларға;

5) жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауаптарға;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 65-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің

Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан - Шорабек Т.М.

Дата: 15.11.2023 15:11. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

құзыретіне кірмейтін келіп түскен өтініштерді қайта бағыттау жөніндегі хаттарға;

2. Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болмаған жағдайда осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы олардың міндеттерін атқаратын адамдарға беріледі.

3. Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, олар болмаған жағдайда, олардың міндеттерін атқаратын адамдарға құзыретіне жататын мәселелер бойынша ведомствоаралық отырыстарға қатысуға және Министрліктің ұстанымын білдіруге өкілеттік берілсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі **Қ. Шарлапаев**

Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан Шорабек Т. М.

Дата: 15.11.2023 15:11. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

Согласовано
19.10.2023 17:49 Исакулов Рахымжан Ержанович
Подписано
26.10.2023 10:04 Шарлапаев Канат Бисимбаевич